Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

Қызылорда облысы
Жалағаш ауданы

№60 (9843)
30 шілде, сенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Ел жаңалықтары

Бос жерлер мемлекетке қайтарылады

Қазақстанда пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін жаппай қайтару жұмысы жалғасып жатыр. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі мәлім етті.

«ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің күшімен 2022 жылдың 6 айында 904 мың гектар пайдаланылмаған немесе заңнаманы бұза отырып берілген жер мемлекет пайдасына қайтарылды. 2021 жылы 430 мың гектар жер қайтарылды. Биыл жыл соңына дейін тағы 5 млн гектар пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін қайтаруды қамтамасыз ету жоспарланып отыр» делінген хабарламада.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша пайдаланылмаған және заңнаманы бұза отырып берілген жерлерді қайтару жөніндегі жұмыс комиссиясы құрылған.

«Қазіргі уақытта бірнеше бағыт бойынша жұмыстар қатар жүргізіліп жатыр: барлық облыстарда құқық қорғау және мемлекеттік органдарды тарта отырып, ведомствоаралық топтар құрылды; 7,45 млн га аланда 2 584 субъектіге қатысты «жаппай қауіп» шеңберінде Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелерінің тексерулер жүргізуін көздейтін Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы қабылданды.

1 млн 517 мың га аланда жер пайдаланушыларға қатысты 601 жоспардан тыс тексеру жүргізілді, 680,9 мың га жерге қатысты тағы 57 материал ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармаларында тіркеу сатысында тұр. 2021 жылы 210 мың га аланда жер пайдаланушыларға қатысты 177 жоспардан тыс тексеру тіркелді» делінген ведомство хабарламасында.

Мемлекет пайдасына қайтарылған жерлерді одан әрі аграрлық сектор өкілдеріне тікелей пайдалануға беру үшін жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер арқылы) бөледі.

Сапар

Өрісті жобалар өңір қазынасын еселейді

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов Жалағаш кентіндегі әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандардың жұмысымен танысты. Ең алдымен аудан басшысы бүйрек ауруы бар адамдарға медициналық қызмет көрсететін «ID Senim» гемодиализ орталығына аялдады.

Айта кетейік, «ID Senim» гемодиализ орталығы Қазақстанда 2015 жылы құрылған болатын. Жалағаш ауданында биыл маусым айынан бастап бүйрек жетіспеушілігімен сырқаттанған науқастарға сапалы күтім көрсетіп келеді. Орталық 10 орынға арналған. Клиникада барлығы 11 қызметкер жұмыс жасайды.

Асқарбек Темірбекұлы мұнан кейін «Адима» ЖК-ның эковата өндіру цехында болды. Жоба «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2 млн теңгеге және кәсіпорын иесінің жеке қаражаты есебінен 13 млн теңгеге қаржыландырылып, өндіріске қажетті құрал жабдықтарын сатып алып, жұмысын бастаған болатын. Қазіргі таңда аудан тұрғындарының қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында талмай еңбек етуде. Цехта 2 адам жұмыспен қамтылған.

Иә, аймақта құрылыс қарқын алуда. Тіпті тұрғын үйлер үшін де кейінгі жаңалық кеңінен қолданысқа еніп, уақыт талабынан қалыс қалар емес. Дәлірек айтсақ, қазір бұл салада экономикалық әрі экологиялық жағынан тиімді өнімдерге сұраныс артқан.

Жалағаштық кәсіпкер Мұрат Әбілов те алғашқыда құрылысқа қажетті өнімдерді тұтынушы ретінде пайдаланып жүрді. Құрылыс тауарларына деген сұраныстың жоғары екенін аңғарған ол өзі де салаға қажетті өнім шығаратын кәсіпорын ашуға бел буады.

Жалпы құрылысқа қажетті материалдарға сұраныс ұлғайған сайын тауардың түрі де көбейе түсетіні айтпаса да белгілі. Соның бірі – «ЕКОВАТА» құрылыс материалы. Бастысы бұл – экологиялық тұрғыдан тиімді өнім. Салмағы жеңіл, сапасы мықты. Бағасы да қолжетімді. Тұтынушылардың айтуынша, бұл тауардың тағы бір ерекшелігі, құрт-құмырсқа жоламайтын көрінеді. Бір жағынан ыстық пен суыққа бірдей төзімді. Қазір құрылыс нысандары мен қарапайым тұрғын үйлердің қабырғасын қаптауға және төбесін жабуға осы материал көбірек қолданыла бастады. Бұл өнімнің қыс мезгілінде үйдің жылы болуына үлкен септігі бар екен.

– Бастапқыда қызығушылықпен қарап, құрылыс материалының құрамына, сапасына мән бердім. Байқасам, біздің өңірден басқа жерлерде кеңінен қолданады. Өнім сапасы көңілімнен шыққан соң материалдың дайындалу технологиясын үйренуге ден қойдым. Бұл арада 3-4 жылдай уақыт өтті. Осыдан кейін аудандағы кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі арқылы 2 млн теңге грант иеленіп, жұмысты бастадық. Ресейден арнайы тапсырыспен цех құрылғыларын сатып алдық. Цехтың қуаттылығы күніне 6 тонна өнім дайындауға бейімделген. Сондай-ақ бұл кәсіптің экономикалық тиімділігі қағаз қалдықтарын қайта өңдеу технологиясы бойынша жүзеге асырылады. Бүгінде «ЕКОВАТА» өндірісінде 2 адам еңбек етеді. Бұдан бөлек пластикалық материалдан есік-терезе дайындаумен айналысып келеміз. Бұл жобамыз да тұрғындар сұранысын қанағаттандырып отыр. Қазір 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылған, – дейді кәсіпкер.

Өңір басшысы «Күншуақ» балабақшасының ғимаратынан ашылатын «Еркін күрес» спорт үйірмесінің жұмысымен де танысты. Дәуімбай елді мекеніндегі «Күншуақ» балабақшасының пайдаланылмай тұрған спорт залын тиімді пайдалану мақсатында және елді мекенде тұратын балалар мен жасөспірімдерді, NEET санатындағы жастарды спортқа баулу және бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Еркін күрес» үйірмесін ашу жоспарлануда. Спорт залдың ені – 8,40 м2, ұзындығы – 17,5 м2, жалпы аланы – 147 м2.

Асқарбек Есжанов «Бодыбай Құлтекенов» атындағы жабық бассейннің жұмысымен де танысты. Бассейн 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап пайдалануға берілген болатын. Ғимаратта ересектер мен балаларға арналған бассейнмен қоса, екінші қабатында ауыр жаттығу залы орналасқан.

Иә, бұған дейін де бұл нысанға ат ізін салғанбыз. Жалпы су спортының қай-қайсысы да адамға пайдалы ғой. 1 сағат бассейнде жүзгеніңнің өзі неге тұрады. Адамға есейген сайын қимыл-қозғалыстың пайдасын айтып жату да артық. Ал оның ішінде судағы жаттығудың адамды ширақтыққа бейімдейтіні ғылымда дәлелденген дүние. Мұнда тек жалағаштықтар ғана емес, келушілер қатарында қармақшылықтар мен сырдариялықтар да бар. Олар да бұрын бассейнге бару үшін облыс орталығына сабылып, әбігер болатынын айтады. Ал қазір көрші ауданнан осындай жабық бассейннің ашылғанына қуанып отыр. Осыған дейін бұл бассейнде су спорты түрлерінен бірнеше рет жарыс ұйымдастырылды. Демек, бұл нысанның тек бос уақытты тиімді өткізуден бөлек, өңірде су спортының алға басуына да алдағы уақытта қолғабыс болары анық. Бүгін тағы соған көзі жетті.

Сапар барысында аудан әкімі «Ақтерек-170 га» инженерлік-инфрақұрылым құрылысымен танысты. Жалағаш кентінің бас жоспарына сәйкес 451 гектарды құрайтын 5 жаңа қоныстану аймағы анықталған болатын. Атап айтсақ, олардың қатарында 110 гектар жері бар «Наурыз» учаскесі, 43 гектарды құрайтын «Береке» учаскесі, 170 гектар жері бар «Ақтерек» учаскесі, 60 гектарды құрайтын «Дәуімбай», 68 гектарды құрайтын «Дәуімбай 2» жер учаскесі бар. Бүгінде «Дәуімбай» және «Береке» жер учаскесіне инженерлік-инфрақұрылым жүргізіліп, тұрғын үй құрылысын салу үшін жер телімін сұраған азаматтарға жер берілді.

Сапар соңында өңір басшысы «Маржан» ЖК бал арасын өндіру шаруашылығының жұмысымен де танысты. «Маржан» жеке кәсіпкерліктің жоба жетекшісі Ғазиза Асқарбекқызы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 583 400 тенге қайтарымсыз грант иеленіп, өндіріске қажетті құрал-жабдықтарын сатып алған. Сол уақыттан бері кәсіпорын жұмысы жанданып келеді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ғарыш кеңістігіне жол ашылды

Екі айлық үзілістен кейін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан кезекті ұшыру 2022 жылдың 9 тамызына жоспарланған. Бұдан бұрын Байқоңырдан «Союз МС-20» көліктік жүк кемесі Халықаралық ғарыш станциясына ұшырылған еді.

Қазақстандық тараппен бекітілген кестеге сәйкес, 2022 жылғы 9 тамызда «Байқоңыр» ғарыш айлағының №31 алаңынан «Союз 2.1а» зымыран тасығышы ұшырылады, ол орбитаға спутниктер шоғырын шығарады.

Бірақ 2022 жылдың қыркүйек айының бірінші онкүндігіне жоспарланған «Ангосат-2» байланыс спутнигімен «Протон-М» зымыран-тасығышының «Байқоңыр» ғарыш айлағынан биылғы алғашқы ұшырылымы кейінге шегерілді. Ал «Союз МС-22» ғарыш кемесі ХҒС-қа 2022 жылдың 21 қыркүйегінде келесі экспедициямен ұшырылады.

Экипаж құрамында ресейлік ғарышкерлер Сергей Прокопьев пен Дмитрий Петелин, сондай-ақ ХҒС кросс-ұшу бағдарламасы бойынша ұшатын американдық астронавт Франсиско Рубио бар.

Сақтықта қорлық жоқ

Covid-19: Дерт қайта дендеді

Өткен тәулікте республика бойынша 3095 адам коронавирус індетін жұқтырса, оның ішінде Қызылорда облысының тұрғындары бар екені анықталды. Бұл бір күн бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда көп болып отыр. Науқастардың саны жағынан Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласы алдыңғы қатарда тұр. Яғни бүгінгі мәліметпен 694 адам алматылық, 918 адам нұр-сұлтандық екені белгілі болды. Ал біздің аймақта 65-ке жуық. Бірақ бұл – бір күндік қана статистика. Әлем ғалымдары қайта өршуі мүмкін деген індет тағы да адамзатты әбігерге сала бастады.

Жалпы аудан бойынша жыл басынан коронавирусты инфекциясы бойынша оң мәнді 176 жағдай тіркелген. Оның ішінде симптомды 49, симптомсыз 127 жағдай анықталған. Сонымен қатар науқастармен қарым-қатынаста болған 8 адам үй карантиніне алынып, эпидемиологиялық зерттеулерден өтуде. Дегенмен қазіргі таңдағы мәлімет бойынша аудандық ауруханаының КВИ бөлімшесінде және Қызылорда облыстық КВИ модульді ауруханасына жатқан науқастар жоқ.

Жыл басынан «Covid-19» инфекциясын емдеу мақсатында аудандық ауруханада 20 төсек орын, яғни ересектерге 15 төсек, балаларға 5 төсек ашылып, бүгінгі күнге дейін 36 адам ем қабылдаған. Қазіргі таңда эпидемиологиялық ахуалдың тұрақтануына байланысты аудандық ауруханадағы КВИ стационар жабылған. Аудандық аурухананың мәліметінше, өңірімізде эпидемиологиялық ахуал күрделенетін болса, 80 төсек орын ашылуға дайын. Оның 50-і аурухананың өзінен, 30-ы жұқпалы аурулар бөлімшесінен.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы індеттің қайта өршуі мүмкіндігін ескертіп, сақтық шараларын күшейтуді назарға салған еді. Біраздан бері тәжтажалдың құрығынан құтылғандай болып қалып едік. Карантиндік ережелер де жұмсарып, арқамызды кеңге салдық. Тіпті тойшыл қауымның көңіліндегі күдігі сейіліп, елдегі тойханалардың жұмысы жандана бастаған болатын. Бұрынғыша бейқам күйде қуанышымызды бөлісіп той жасай бастадық, шектеулерді естен шығардық. Алайда бұл күндер ұзаққа созылмауы мүмкін деген мамандардың болжамы шындыққа сәйкес келгендей.

Жуық арада бәсеңдеген індет қайта өршіп, тіпті еліміздің бас қаласы «Сары» аймаққа өтіп кетті. Сөзіміздің басында айтқанымыздай, Сыр елінің ахуалы да мәз емес. Ел ішінде тағы да дайындық жұмыстары, алдын алу шаралары қолға алынды. Расымен әлемде дүрбелең туғызған індеттің таралуы әлі тоқтамаған секілді. Оған әр өңірде тіркелген науқастар дәлел болмақ.

Айта кету керек, жыл басынан бері осы уақытқа дейін тұрғындардан 1390 ПТР тест алынып, оның 160-ынан «оң» мән анықталған. Бұл жөнінде де тиісті шаралар жасалып, індеттің өршуіне жол бермеу үшін тиісті жұмыстар жүргізілген. Сонымен бірге коронавирус инфекциясымен және пневмониямен ауырған науқастарды үйде бақылауды ұйымдастыру бойынша бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету тарапынан жұмысшы 7 мобильді топ құрылған. Ал өткен жылдың желтоқсанынан басталған егу жұмыстары бүгінге дейін жалғасып, 13 266 адам ревакцинацияланған. Халықты вакцинациялау жұмыстары аудандық емхананың егу бөлмесінде, жылжымалы медициналық кешенмен орталық аланда және барлық елді мекендерде жүргізілуде.

Қарап отырсақ, құлашты кеңге жайып, босаңсуға әлі де болса ерте сияқты. Күн сайынғы статистикалық мәліметтер, вирус жұқтырғандар санының артуы басқаларға ой салуы тиіс. Өзгеге қарап өзімізге одан ары бекем болу өмірімізді тосын қауіп-қатерден аман алып қалуға сеп болмақ. Сондықтан ақ халаттылардың кеңесіне құлақ асып, сақтық шараларын күшейткен абзал. Түптеп келгенде мұның бәрі өз денсаулығымыз үшін екенін түсінейік.

Нұр НАУАН

Баспасөз конференция

Жалағашта жағымды жаңалық көп

Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденциялар қалыптасуда. Мәселен, биыл ауданда өнеркәсіп өнімінің көлемі 84,4 пайыз, ал өңдеу өнеркәсібі 72,3 пайызға артқан. Ауданда шағын және орта кәсіпкерлік саласы да қарқын алған. Атап айтсақ, кәсіпкерлік нысандарының саны 2 571 бірлікті құрап, оның 92,5 пайызы бүгінде жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ 2018 жылдан бері жұмысы тұралап қаған «Мия тамырын өңдеу» зауыты да қайта іске қосылмақ. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында ауданда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларды саралаған аудан әкімі Асқарбек Есжанов осылай деді.

– Бүгінде Жалағаш ауданында мемлекеттік бағдарламалар аясында ауқымды шаралар жүзеге асып келеді. Бұл жұмыстардың барлығы әлеуметтік саланы дамытуға, шағын және орта кәсіпкерлік саласын ілгерілетуге және аудан экономикасын арттыруға бағытталған. Биыл нақтыланған аудан бюджеті 13,6 млрд теңгені құрап, есепті кезеңде бюджет түсімі 101,2 пайызға орындалды. Сонымен қатар жыл басынан бері 290 кәсіпкерлік нысан өз жұмысын бастады. Ал мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында ауданда 168 жаңа жұмыс орны ашылып, аудан тұрғындары тұрақты жұмыспен қамтылуда. Осы бағытта қыркүйек айында «Мия тамырын өңдеу» зауытын іске қоспақшымыз. Аталған зауытта 190 жаңа жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда. Бұл өндіріс толық автоматтандырылған технологиялармен жасақталатын болады, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Баспасөз конференция барысында аудан әкімі әлеуметтік нысандардың құрылысын да тілге тиек етті. Оның сөзінше, биыл Жалағашта 3 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін бұл нысандардың құрылыс жұмыстары толық аяқталып, халық игілігіне берілмек.

– Биыл аудан бюджеті есебінен 1 спорттық және 1 мәдениет нысанының күрделі жөндеу жұмыстары және 2 елді мекеннің ауылдық клуб құрылысына жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Бұл жобалар «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қаржыландырылатын болады, – деді өңір басшысы.

БІРЛІГІ БЕКЕМ ЕЛДІҢ ЖҰМЫСЫ ДА ЖҮЙЕЛІ

Осыған дейін Жалағашта жүзеге асқан жарқын жобалардың барлығын Асқарбек Темірбекұлы алдымен елдің бірлігімен байланыстырады. «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген қанатты сөзді назарда ұстаған өңір басшысы 90 күнде ауданға қарасты елді мекендерде түйіні тарқатылмаған күрмеулі мәселелердің шешімін табуға күш салды. Халықтың талап-тілегін бәрінен жоғары қойған әкімге халқы да дән риза.

– Бірлік бар жерде ғана табысты жұмыс болады. Сондықтан қандай басшы келсе де алдымен сол елдің бірлігіне мән берер еді деп ойлаймын. Елде бүкіл саналы ғұмырын туған жерді көркейтуге, түлетуге арнаған ардагер, ақсақалдар бар. «Қарты бар үй қазыналы» дегендей, бұл әкелеріміз бен ағаларымыздың өмірлік тәжірибесі бізге керек. Сондықтан ардагер-ақсақалдардың орны әрдайым төрде. Мен үшін халықтың талап-тілегі бәрінен жоғары, – деді аудан басшысы.

ХАЛЫҚТЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Бұған дейін Асқарбек Есжанов Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес, кент және ауылдық округтерде халықпен кездесулер өткізген еді. Елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен танысып, тұрғындарды толғандырып жүрген мәселелер бойынша қабылдау да жүргізді. Аудандағы өзекті, өткір мәселелерге зер салды. Әрине ел болғасын ондай мәселелер болады. Мәселен, көпшіліктің көкейінде жүрген біраз жылдан бері шешімін таппай келе жатқан мәселе темір жолдың үстінен өтетін жаяу жүргіншілер жолы екен. Бүгінде бұл көпірдің жоба-сметалық құжаттары дайындалып, облыс әкімінен қолдау тауып, қаржыландыруға ұсынылып қойыпты.

Иә аудан әкімі айтқандай, қазір бос сөздің уақыты емес, нақты іс керек. Халыққа баяғыдай үйіп-төгіп уәде беретін уақыт келмеске кетті. Болатын істі болады, болмайтын істі болмайды деп ашығын айтқан да дұрыс. Осы орайда елді еңбекке жұмылдыру маңызды.

БАҚША ДАҚЫЛДАРЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛГЕН

Естеріңізде болса, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселесіне назар аударып, әр ауылдың мүмкіндігіне қарай көкөніс және бақша өнімдерін өндіру үшін бос жатқан жерлерді игеруді ынталы азаматтарға бөліп беру қажеттігін айтқан болатын. Кешегі жиында аймақ басшысы тапсырмасының ауданда орындалуы да тілге тиек етілді. Мәселен, бүгінде жоспардан бөлек Жалағаш ауданында 250 гектар жерге қосымша егін егілген. Мұнан бөлек Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Ер Әлі» шаруа қожалығы 31 гектардан астам жерге картоп, сәбіз, қызылша дақылдарын еккен. Ал «Құрманбай ата» шаруа қожалығының алма бағында 5 түрлі алма сорты жайқалып тұр. Асқарбек Есжанов алынған өнімдер Қызылорда, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе қалаларына сатылатынын айтады. Бұл шаруашылық жоғарыда аталған картоп, сәбіз, қызылша дақылдарын соңғы технологиямен, тамшылатып суару әдісімен еккен.

Баспасөз конференциясында соңғы жылдары қалыптасқан аяқ су мәселесі де назардан тыс қалмады. Бұл ретте аудан әкімі аяқ суды үнеммен пайдалану әзірге тығырықтан шығудың бірден-бір амалы деп біледі.

– Біздегі қазіргі таңдағы ең өткір қойылып отырған мәселе – аяқ суды үнемдеу. Қазіргі жағдай баяғыдай ас та төк ысырапшылдықты көтермейді. Сондықтан бізге жаңа жағдайға бейімделіп, аяқ суды үнемдеуді үйренуге тура келеді. Біз қалайық, қаламайық, уақыт осылай талап қойып отыр. Алдағы уақытта әрбір аудан тұрғыны көкөніс, бақша өнімдерін осылай суды үнемдеу әдісімен егіп, өзін-өзі қамтамасыз етсе, бұл өзіне де пайда, мемлекетке де пайда, – дейді ол.

ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Аудан тұрғындары тарапынан көтерілген мәселелерді шешу мақсатында 2023-2025 жылдарға арналған 3 жылдық перспективалық іс-қимыл жоспары әзірленіп қойған. Жоспарға алдағы уақытта іске асырылатын 9 млрд 142 млн теңгені құрайтын 137 жоба енгізілген. Бұдан бөлек облыс әкімінің жанындағы Кеңес қарауына 61 жоба ұсынылып, барлығы 53 жоба мақұлданыпты. Ал 2023 жылға іске асыруға жалпы құны 6 млрд 492 млн теңгені құрайтын 25 жоба дайын екен. Аталған жобалар «Нұрлы жер», «Нұрлы жол», «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары және «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында республикалық бюджеттен қаржыландыруға тиісті салалық басқармаларға бюджеттік өтінім тапсырылған.

Бұдан бөлек 29 жобаның жоба-сметалық құжаттары әзірленуде, алдағы тиісті министрліктерге өтінімдер тапсырылатын болады. Атап айтсақ, 6 инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым, 1 газбен қамту жобасы, сондай-ақ жолдарды жөндеуге байланысты 16 жоба, мәдениет саласына байланысты 3 жоба, білім саласы бойынша 1 жоба, спорт саласына қатысты 1 жоба жүзеге аспақ.

Жалағашта демеушілер есебінен 7 балалар ойын алаңы салынады. Олардың екеуінің құрылысы аудан орталығында басталса, қалғандары Аққұм, Аламесек, Бұқарбай батыр, Қаракеткен ауылдық округтеріне тиесілі. Әсіресе Балалар жылы аясында мұндай нысандардың ауылдық елді мекендерде көптеп ашылуы қуантып отыр.

Жалағашта мемлекеттік бағдарламалар аясында да жоспарланған ауқымды шаралар жүзеге асырылып, әлеуметтік-экономикалық даму бағытында жұмыстар атқарылып келеді. Олар негізінен әлеуметтік саланы дамытуға, әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы орындауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және аудан экономикасын әртараптандыруға бағытталған. Қазіргі таңда Жалағаш ауданы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуда оң тенденциялар қалыптасып отыр. Жоғарыда айтып өткеніміздей, өнеркәсіп өнімінің көлемі 84,4, өңдеу өнеркәсіп 72,3, инвестициялар тарту 17,3, сауда 2,1, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 0,8, құрылыс жұмыстары 2,7 пайызға артқан. Ал пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 2 есеге өсіпті.

Айта кетейік, биыл нақтыланған аудан бюджеті 13,6 млрд теңгені құрады. Оның ішінде кірістер болжамы – 2 млрд 81 млн теңге. Есепті кезеңде бюджеттің түсімдер болжамы 101,2 пайызға орындалыпты. Нәтижесінде кірістер 63 млн теңгеге артық түскен. Ал шығыстар бойынша бюджеттің атқарылуы 99,3 пайызды құрады.

САЛАДА СЕРПІН БАР

Жиында Жалағаштағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша атқарылған жұмыстар да сараланды. Биыл ауданда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2571-ге жеткен. Оның ішінде 2379-ы, яғни 92,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Ал жыл басынан бері 290 кәсіпкерлік субъектісі ашылған.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында және жеке қаражат есебінен 2 млрд 518 млн теңгеге 92 жоба қаржыландырылып, 168 жаңа жұмыс орны ашылған. Қазіргі таңда 1 млрд 79 млн теңгені құрайтын 51 жобаны қаржыландыру үшін микроқаржы ұйымдары мен екінші деңгейлі банктердің қарауына ұсынылған. Сонымен қатар 2018 жылдан бастап тоқтап тұрған мия тамырын өңдеу зауытының жұмысын жандандыру да қолға алынды. Қыркүйек айында зауыт толық іске қосылып, 190 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр. Оның 40-ы тұрақты. Зауыт жұмысын бастау үшін 300 тонна мия тамырының қоры жасақталған. Бұл өндірісте заманауи, толық автоматтандырылған технология пайдаланылады.

Жоба Қытайлық «Борихунда» компаниясы және «Бис Групп» ЖШС есебінен жүзеге асырылған. Мемлекеттік қолдау шарасы ретінде зауытты орналастыру үшін 8,75 гектар жер телімі табысталыпты. Алайда үлескерлердің арасында келіспеушілік туындап, зауыттың жұмысы 2017 жылға дейін тоқтады. Дәл осы жылы зауытқа құны 115 мың АҚШ долларын құрайтын қондырғылар орнатылып, сол жылы алғашқы 20 тонна және 2018 жылы 13,6 тонна өнімін Қытай мемлекетіне экспорттаған. Десе де 2018 жылдан бастап өндірілетін өнімнің құны әлемдік нарықта төмендеп кетуіне байланысты зауыт жұмысы қайта тоқтады. Қазіргі таңда Қытай Халық Республикасынан технолог мамандарын алдырып, зауытты іске қосу жұмыстары жүргізілуде.

ШАРУАШЫЛЫҚТАР ШАРУАСЫ ШИРАҚ

Баспасөз конференциясында «Қызылорданың Қостанайы» атанған аграрлы өңірде ауыл шаруашылығы саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар да назардан тыс қалмады. Мәселен, биыл аудан бойынша 35 486 гектар жерге егіс орналастырылған. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 18 501 гектарды құрайды. Тәжірибелік мақсатта алғаш рет 73 гектар қант құмайы, 39 гектар соя, 5 гектар сұлы, 2,5 гектар қант қызылшасы егілген.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, жеке азаматтардың егінмен айналысып, өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында 250 гектар жер дайындалған. Бұл жерлер аудандағы 802 отбасыға үлестірілген. Қазіргі таңда онда 146 гектар картоп, 8 гектар көкөніс, 96 гектар бақша дақылдары орналастырылды.

Жергілікті шаруашылықтар ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту мақсатында 309,6 млн теңгеге 25 дана ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған. Ауданда егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығы да тұрақты дамуда. Есепті кезеңде мүйізді ірі қара 4,1 пайызға, жылқы 33,9 пайызға, түйе 2,5 пайызға көбейіп, ет өндірісі 0,7 пайызға, сүт өндірісі 1,3 пайызға артқан.

Ауданда 27 көппәтерлі тұрғын үй бар. 2014-2019 жылдары 5 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Оған ел тайқазанынан 10,4 млн теңге, аудандық бюджеттен 25,3 млн теңге қаралған. Қазіргі таңда ауданда 14 тұрғын үй күрделі жөндеуді қажет етеді. Биыл республикалық бюджеттің ішкі заем есебінен 5 тұрғын үйге күрделі жөндеуге 36 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілсе, келер жылы 2 тұрғын үйді күрделі жөндеуден өткізу мақсатында бюджеттік өтінім тапсырылған.

Аса маңызды мәселенің бірі – халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету. Қазіргі таңда аудан тұрғындары толығымен орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. Биыл аудан бойынша құны 1,1 млрд теңгені құрайтын 4 жоба жүзеге асуда. Ал жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша да біршама жұмыстар атқарылып, өңірде жол сапасына мән беріліп жатыр.

ЖОЛ САПАСЫ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Аудан аумағында барлығы 234,1 шақырым автомобиль жолдары бар. Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының 109,9 шақырымының сапасы жақсы. Ал 13,6 шақырымының жағдайы қанағаттанарлықсыз. Биыл ауданда 17 көшеге 718,1 млн теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Олардың қатарында Мырзабай ахун ауылындағы 2, Еңбектен 3, М.Шәменов ауылынан 9 көше бар.

Жалағашта әлеуметтік нысандар құрылысы да қарқын алмақ. Биыл жаттығу және стритбол алаңы, балалар ойын алаңы, спорттық сауықтыру кешені сынды 3 әлеуметтік нысанның құрылысын жүргізуге 304,6 млн теңге қаржы бөлінген. Бүгінде оның екеуінің құрылысы аяқталса, спорттық сауықтыру кешені құрылысы жыл аяғына дейін аяқталып, ел игілігіне берілмек. М.Шәменов ауылының мәдениет үйін күрделі жөндеу жұмыстары 2023 жылы басталады. Биылдың өзінде 93,8 млн тенге Ұлттық қордан бөлінген. Аудан бюджеті есебінен 1 спорт және 1 мәдениет нысанын күрделі жөндеуден өткізуге, сондай-ақ Аққыр, Мырзабай ахун елді мекендеріндегі ауылдық клуб құрылысына ЖСҚ әзірленуде. Бұл жобалар «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында қаржыландыруға ұсынылады.

Баспасөз конференциясында елді мекендердегі электр желілерін дамыту бойынша атқарылған жұмыстар да сараланды. Ауылдық елді мекендердің электр жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның жарғылық қорын ұлғайтуға облыстық бюджеттен 2019-2021 жылдары 373 млн теңге бөлінген. 2019 жылы Аққыр және Жаңадария, 2020 жылы Мәдениет, Аққұм, Жаңаталап, 2021 жылы Бұқарбай батыр елді мекенінің электр жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Биыл 6 жобаға 286,2 млн теңге қаржы бөлініп, Жалағаш кенті, М.Шәменов, Аққұм, Аламесек, Қаракеткен ауылдық округтеріндегі көшелер жарықтандырылып, жаңадан ашылатын «Ақтерек» учаскесі электр желілерімен қамтамасыз етіледі. Бұдан бөлек Есет батыр, Т.Жүргенов, Ақсу, Қаракеткен, Мырзабай ахундағы тұрғын үйлер секторының электр желілерін қайта жаңғырту үшін демеушілер есебінен ЖСҚ әзірленуде. Тамыз айында 2023 жылға республикалық бюджет есебінен қаржыландыруға ұсынылатын болады.

КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ КӨПШІЛІК ИГІЛІГІН КӨРУДЕ

Ауданға табиғи газ келгелі көгілдір отын тұтынатын тұрғындар қатары артты. Осыдан-ақ бұл жаңалықты елдің асыға күткенін аңғаруға болады. Былтыр ауданда жүзеге асқан үлкен әлеуметтік жобалардың бірі халықтың көптен күткен Жалағаш кентінің газдандыру жұмыстары толық аяқталып, бүгінге дейін 3 164 тұрғын үйдің 1863-і немесе 58,9 пайызы және 10 әлеуметтік, 77 кәсіпкерлік нысан газ желісіне қосылды. Биыл 6 нысанның жылу қазандығын газға ауыстыру үшін бюджет есебінен 135,7 млн теңге бөлінді. Олардың қатарында мәдениет үйі, мәдениет және өнерді дамыту орталығы, «Күншуақ», «Ақмаржан», №19 санаториялық балабақшасы, қаржы бөлімі ғимараты бар. Бұл нысандарды көгілдір отынға қосу қыркүйек айында іске асады. Алдағы уақытта аудан бюджеті есебінен 5 мекеменің жылу жүйесін газ отынына ауыстыру және Ақсу, М.Шәменов елді мекендеріне газ желісін тарту үшін ЖСҚ әзірленетін болады.

6 АЙДА 1383 ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛҒАН

Баспасөз конференциясында әлеуметтік сала да сараланды. Ауданда халық саны 35 374 адамды құрайды, оның ішінде экономикалық белсенді халық саны – 14 947, ал жұмыссыздар – 755. Жалпы жұмыссыздық деңгей 5,1 пайызды құраса, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрап отыр.

Биыл ауданда 2 420 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның ішінде тұрақтысы – 1342, уақытшасы – 1078. 6 айда 1383 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның 637-сі тұрақты болса, 746-сы маусымдық жұмыс екен. Қазірдің өзінде жоспар 57,1 пайызға орындалып отыр. Биыл аудан бойынша мемлекеттік атаулы көмекке 118 млн теңге қаржы қаралып, 6 айда мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 291 отбасына көрсетіліп, оларға 54,7 млн теңге үлестірілді.

Ауданда отбасының цифрлық картасына енген 857 отбасына толық зерттеу жүргізіліп, мемлекеттік атаулы көмек алушы отбасы саны 13-ке азайған. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобаның орындалуына келсек, 22 шілдеге дейін 1 530 адам халықты жұмыспен қамту орталығына хабарласып, олардың 1374-і, яғни 89,8 пайызы бағдарламаға қатысушылар құрамына енген. Нәтижесінде әлеуметтік жұмыс орны 30, жастар практикасымен 156, қоғамдық жұмысқа 737, ұрпақтар келісімімен 3, алғашқы жұмыс орнына 6, күміс жас жобасымен 9, тұрақты жұмысқа 432 адам орналасқан. Сондай-ақ 1 адам қайтарымсыз грант иегері атанды. Жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік қайтарымсыз грант тағайындауға 283,2 млн теңге қаржы бөлінді. Жоспар бойынша 300 адамға тағайындау көзделген болатын. Есепті мерзімде комиссияның шешімімен 1 адамға 1225,2 мың теңге берілді.

Ауданда білім саласында да атқарылған жұмыстың нәтижесі бар. Қазіргі таңда ауданның білім беру саласында 20 мектеп, 1 кешкі мектеп, 37 мектепке дейінгі білім беру ұйымы, 3 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді. Асқарбек Есжанов салада өзекті мәселелер жоқ екенін айтады. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде. 2022-2023 оқу жылын 20 мектеп 7175 оқушымен бастағалы отыр. Қазір балалардың жазғы демалысы талапқа сай ұйымдастырылған.

Денсаулық сақтау саласында да атқарылған жұмыстар жемісін беруде. Халық денсаулығын нығайту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сондықтан саланың материалдық-техникалық жағдайын нығайту мәселесі күн тәртібінен түспейді. Денсаулық сақтау саласы бойынша ауқымды жобалар бар, олар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Ал мәдениет саласында I жартыжылдықта ұлттық мәдениетті ілгерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған түрлі форматтағы 378 іс-шара өткен. Биылғы жылдың басты ерекшелігі «Балалар жылы» болып жариялануына байланысты іс-шаралардың басым бөлігі балаларға арналған. Балалар жылына орай арнайы бекітілген жоспарға сәйкес 38 іс-шара өткен.

Жалағашта спорт саласында да серпін бар. "Спорт – денсаулық кепілі" десек, ұлттық бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысатындар саны – 11 985, яғни 34 пайызды құрайды. Биыл 4 елді мекеннің балалар спорт алаңына аудан бюджетінен 19 млн теңге қаржы бөлініп, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Алты айды саралаған аудан басшысы алдағы уақытта да елді мекеннің еңсесін тіктеуге тиісті жұмыстар жүзеге асатынын жеткізіп, БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалына да жауап берді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Әңгіме

Бір жұтым қымыз

Шыбын жаны шырқырап, сырқаты тәнді сыздатқан сайын Бибісара әжей жарық дүниеден күдер үзе бастаған. Қылдай өңештен қылтанақтай ас өтпейді. Ерні кеберсіп, таңдайы қаңсып, тек бір жұтым сұйықты ғана аңсайды да тұрады. Жұтынған кезде сілекейі қоюланып, көмей тұсында кілкіп қалатын да кезі көп. Дәл осындай кезде алдамшы сәуле мен қылаңытып тұрған шайтан үміттен әбден жерінеді. Қазір де міне, шөл қысып әкетіп барады.

Шыт-шыт боп тілініп кеткен еріндері бір-біріне әзер тиіп:

– Айбүбі, – деп қинала дауыс шығарды.

Айбүбі жалғыз ұлдан көрген жалқы немересі еді. Ұлы Бекмирас ерте кетеді, кеш келеді. Күні бойы жұмыста. Ерте келген келіннен қайыр жоқ. Осындайда шықпай жатқан шыбын жанына налиды да. Бөлмесіне секіре басып Айбүбі кірді.

– Мені шақырдыңыз ба, апа?

Қаршадай қыз апасының аңсарын айтқызбай-ақ сезіп, сүт шалаптаған ақ су ала кірген екен.

Кемпір орта шыны сусынды басына бір-ақ көтерді де, сұлық отырып қалды. Маңдайынан шып-шып тер шықты.

– Жасаған-ай, кімнің қарғысына қалды екенмін?!

Жаңағыдай емес, бой аздап жеңілдеп қалғандай болды. Айбүбі оның тыртиған арық кеудесін көрпесімен қымтап, маңдайының терін сүртті. Сонсоң жанары жаудырап, әжесіне аяушылықпен қарап, мұңайып отыра беріп еді, шешесінің «Айбүбі» деген ызғарлы дауысы орнынан еріксіз жұлып алды.

– Тастай батып, судай сіңіп қайда кеттің? Сен де өлмелі кемпірмен бірге өлейін деп отырмысың?!

Төргі бөлмеден шәңкілдей шыққан бұл сөз бір аяғы жерде, бір аяғы көрде жатқан шүйкедей кемпірді қасқа маңдайдан қақ салып өткендей болды да, артынша қыстығып жылап жіберді.

– Апырым-ай, ит өлім-ай! Жанымды қинамай ала салсаңшы, – деп шын пейілмен жалына, жалбарына күбірледі.

Келініне деген өкпесі қара қазандай болып, Тәңірге жалбарынды. Сосын бір мезет қалаға келгеніне өкінді. Жас шылаған көзін ашып еді, қабырғада ілулі тұрған шалының суретін көрді. Қабағы қатыңқы, бетін бері бұрмастан көзінің қиығымен немқұрайлы ғана қарап тұрғандай.

Бекмирасы елге барып, қалаға көшіріп әкететін күні марқұм шалы түсіне кіріп: «Өз отыңды өшіріп қайда барасың? Басқаның алтын тағы өз ошағыңдай бола ма?» – деп тым қажи сөйлегені әлі есінде. Бұл жолы да солай деп кіналап тұрғандай болды.

Бейшара кемпір мұнда қайбір жырғағаннан келді дейсің. Шалы өткен соң бір үйде сегіз жыл бойы жалғыз отырды. Онда да күндіз-түні жалғыз ұлдың тілеуін тілеп, соны дәтке қуат қылып, қара шаңырақты күзетіп қала берген. Ел іші алтын бесік емес пе, ауылдың қара сирақтары «Би-ана» деп құрақ ұшып, бірі отынын әкеп, бірі суын тасып дегендей жалғызсыратпап еді. Амал не, Бекмирасы түйе боталағандай ауылға келген сайын қалаға көш деп қолқа салуын қоймады. Бірақ бұл әуелде кір жуып, кіндік кескен жерін қиып кете алмады. Және ауылдың сыртында бір уыс топырақ боп жатқан шалының аруағынан да аттап өткісі келмеген. Жаман айтпай жақсы жоқ, егер қара жер тартып, көз жұмғандай күн туса, сол қара шалының қасына томпая кетуді ойлағаны рас.

Сөйтіп, үкімет берген пенсиясы мен шал екеуінің тірнектеп жинаған азғантай дәулетін талғажау етіп отыра беретін еді, құрып кеткір, осы қу кесел аяқасты жабысты да, күн өткен сайын қыңқыл-сыңқылы көбейе бастады. Ұлы көшіруге барған жолы:

– Ойпырым-ай, апа, неғып жүдеп кеткенсіз, – деп шошына сөйлегені бар.

Ақыры міне, жазымыштан озымыш жоқ деген осы болды. Кемпір бір сәт қарсы алдындағы қабырғада ілулі тұрған келіні Марияның суретіне көзі боталай қарады. Қандай әдемі. Толқынды қара шашы кең маңдайын жиектей төгіліп, жұп-жұмыр мойынды қытықтай төмен құлапты. Ұшы сәл сүйірлеу қыр мұрынның астынан қаймыжықтай ұқа еріндері шалқасынан туған жаңа айдай қиылып тұр. Бәрі де көзге сүйкімді-ақ. Тек анау құйрығы қиыла біткен сілеусін көздерінен ғана бір белгісіз салқындық байқалатын секілді...

Неге екені белгісіз, кемпірдің кәрі жүрегі кенет дір ете қалғандай болды. Сосын көзін жұмған күйі тағы да өткен күндерін еске алды. Ол кезде осы келіні мен ұлы екеуі де жалаңаяқ студент болатын. Ішер ас, киер киімге қазіргідей молшылық қайдан болсын. Шалы екеуі жылдар бойы тірнектеп жинаған он шақты домалақты келіннің қолына салғанда:

– Құдай-ау, өз қажеттеріңізге жаратсаңыздаршы. Бұны біз қайтпекпіз, – деп тартынғанда, бұл:

– Ал қарағым, ал бұл сендердің несібелерің ғой, – деген.

– Дүние жинағанша, білім жина деген сөз бар, апа. Екеуміз ел қатарлы жүріп жатырмыз, – деген сонда тағы.

Бұған шалы екеуі қатты қуанып, іштей шүкіршілік еткен. Кейін... осыдан үш жыл бұрын қалаға келгенде киім-кешегінің арасына ораған және бір дорба ақшаны шығарып, келінінің алақанына салғанда, ол сәл иіліп келіп бұның бетінен шөп-шөп сүйіп:

– Апа-ау, мұншама дүниені мен қайтемін, бірақ Мирас жаяу салпақтап жүр еді. Жарайды, аяқ артар бірдеме алар, – деп емен жарқын ашыла күліп еді.

Оның бұл күлкісі кемпірдің бүкіл жүйке жүйесіне қан жүгірткендей болған. Енді ойлап отырса, сол келіннің сондай әдемі күлкісін бұл жазған небәрі екі-ақ рет көрген екен. Екі ретінде де тек ақшамен ғана күлдірген екен.

Әлбетте, адамның бүкіл мінезі көзінде тұра ма, калай? Баяғыда... осы келіні алғаш табалдырығын аттап кіріп келгенде, қарашығы жалт-жұлт еткен сәл шегірлеу көз өңменінен өткендей, бұның жүрегін дір еткізіп еді. Иә, сонда оған тұра ұмтылғанда, кенет қалт тұрып қалған. Неге өйткенін өзі де түсінбейді, әйтеуір алдында адам емес, аждаһа тұрғандай тұла бойы қарадай қалтырап кеткені бар. Ұлы мен келіні тойын өткізіп, қалаға қайтқаннан кейін осы жайды шалына айтып еді:

– Саған да қайдағы көрінеді екен. Кім болсын мейлі, алдымен жалғызыңа жансерік болса бопты да, – деп теріс айналып кеткен-ді.

Содан бері келінімен ашық-жарқын бір әңгімелесіп көрмепті. Қанша елжіреп сөзге тартайын десе де, орталарында әлде бір бөгет тұрғандай бола береді.

...Жаратылысында бұл адамдармен тез тіл табысып, шүйіркелесіп кетуші еді, осы бір жанға келгенде көңіл шіркін тұтқырланып, түртпекке көнбей-ақ қойды ғой. Келінімін деп ол да көңілдегісін жайып салмайды. Әйтеуір суық қабақ танытып, томаға тұйық жүре береді. Жаратқанның бұған берген мінезі сол ма дейін десең, басқалармен ол жағы-жағына тимей, сүйрең қағып сөйлесіп жатады. Ал бұған... басқа уақыт былай тұрсын, сырқаттанғаннан бері «Апа» деп бір рет те басын сүйеп көрген жоқ.

Әжей тағы шөлдей бастады. Біреуді шақырмаққа оқталып еді, дауысы шықпады. Таңдайы қаңсып, тамағы құрғап қалыпты. «Әттең» деді іштей.

– Бір жұтым бірдеме болса ғой.

Әлденені аңқасы кеуіп аңсайды, бірақ дәл не екенін өзі де білмейді. Егер табылса, сол ғана бұның қаталаған шөлін басатын секілді. Өстіп жатқан кезде сырттан бөтен де болса біреу кіріп келсе екен деп тілейді. Мариямен қызметтес бір әдемі келіншек бұрын жиі келіп, бұның жайын біліп тұрушы еді. Жуықта Мария: «Екеуміздің қайсымыз осы үйдің қатыны екенімізді білуден қалдым» дегеннен кейін ол да бұл үйдің есігін ашқанды қойған.

Әжей кенет басын көтеріп тұрып кетпекші болды. Бірақ ондай күш қайда. Ат арыса – тулақ, адам арыса – аруақ. Бұл да қазір сүйегі саудыраған аруақ болды емес пе...

Не керек, бар кесел осы қалаға келген соң жабысты ғой. Жалғыз ұлдың жайын ойлаймын деп ақыры мұндай күйге тап боларын кім білген. Енді міне, елден қалай кетті, солай өресі қысқарып, өрісі тарылып, торға түскен торғайдай болып жатқан сыйқы мынау. Байлық, береке, ырыс ел ішінде, үйреніскен, қатынасқан, еңбек еткен ортаңда екен ғой.

Қазір егер шаңырағында қалқайып отырса, бірге өсіп біте қайнасқан ауылдастары мен туған-туысқандары күн құрғатпай келіп, көңілін сұрап тұрмас па еді. Япыр-ай, көңіл сұрау деген де адамға үлкен қуат екен ғой. Өткенде бір-екі рет келіннің әке-шешесі келіп: «Құдағи, жағдайыңыз қалай?» деп жанында бірер сағат отырып кеткенде, байқұс кемпір қандай қуанды десеңізші! Амал жоқ, содан кейін кісі бетін көрген емес. Кісі бетін көрер еді-ау, тек бәрі де біреудің төбесін көрсе, төбе шашы тік тұратын тікбақай келіннің кесірі де.

Көктемде елден келген ауылдастары бірінен соң бірі кеп, жұма бойы үйден қонақ үзілмеп еді, бір күні келіні Бекмирасқа:

– Біз осы қашан ел сияқты өмір сүреміз. Қашан мына көн етікті қалың тобырдан құтыламыз. Бір шыны шайды еркін отырып ішетін күн бола ма, жоқ па, – деп зіркілдеп жатқанын бұл ауызғы бөлмеден апанық естіген.

Өлмелі кемпір не десін, көзінен жасы ыршып-ыршып кеткен. Бәрінен жанына батқаны, ұлы сонда мыңқ-мыңқ етіп бір ауыз сөз айта алсашы. Осы жалғыз кішкентай кезінде мынандай емес сияқты еді. Тым өзгеріп кеткен. Ол қиыла сұранып қалаға кетейік дегенде, бұл:

– Қарағым-ау, мектебіңді бітірдің, енді елге келіп ал. Мұнда да екі қолға бір жұмыс табылар, – деді.

Ұлы мырс етіп миығынан күлді де:

– Мұнда келсек, өспей қаламыз ғой, апа, – деді.

Кемпірдің жүрегі шым етті. «Ойпырым-ай, бұл өзі не болып кеткен?» деді іштей шошына.

– Мұндағы азаматтар өспегеннен өліп қалған жоқ қой. Өзіңдей балалар да елге себін тигізіп, жұрт қатарлы өмір сүріп жатыр. Бұлардан артылып қайда барасың, қарашығым, – деген тек қиналып.

– Жоқ, апа, бұндағы жігіттер бір ауылдың қамын ойласа, біз бір елдің жайын ойлайтын болуымыз керек, – деп ол ойлана, өзін соншама асқақ ұстай сөйледі.

Кемпірдің көзі шарасынан шыға, иманын үйірген адамдай күбірлеп: «Астамшылық-ай!» деді. Жалғызы мүлде бөтен біреудей көрінді. Дегенмен бұл ұлын жамандыққа қиғысы келмеген. Жан жүйесін жайлаған «астамшылық» атты аурудан жалғызын арашалап алып қалудың жолын таппай, жүрегі шырқырап тұр.

– Құлыным-ау, – деді теріс айнала бере көз жасын іліп тастап: – Отан отбасынан басталады емес пе? Иектеген астамшылығың не бұл?!

– Апа, сіз қызықсыз. Үлкен постыға көтерілу үшін үлкен жүрек керек. Мен өз күшіме сенбесем, былай демес едім, – деп ол есе бермеді.

– У, балам, тек адал жолмен жүрсең болды да, – деді әжей, күрсініп. – Адал болсаң, адамдар саған қорған болар. Өмірде арамдық, қарақұйрықтық, қулық-сұмдық еткен адамның ісі оңып көрген жоқ.

Сонда ол арқасына ер батқан аттай белі былқ ете түсті де, жанарында әлде бір жасанды жалын ойнап:

– Көлеңкесіз кісі көргем жоқ, әділ болған әкем бір ауылдан асты ма, – деген беті бүлк етпей.

***

Бұл үйдің есігін ашатындар – әлгі бір жоғарғы жұмыстағы үш азамат. Арақ ішіп, бірін-бірі қолпаштап, көлгірси мақтайды-ай кеп. Сонсоң арқаларынан қағысып, қарқ-қарқ күліп шығып кетеді. Соның күші ме екен, Бекмирас қарапайым инженерліктен, бастыққа, одан жыл өте бере әлгібір бастау органының бастығына көтеріліпті. Бір жолы жолдастары ойнап-күліп кеткеннен кейін, Бекмирас: «Министрліктің төбесі жақын қалды», – деп дауысын шығара өз-өзіне күбірледі. Сонда бұл ұлының ішкі ойын ұққан-ды.

...Бибісара әжей өмірдің қараңқұраң қалтарысын ойлай-ойлай күнді батырған. Қоржын бөлмеде Бекмирастың даусы шықты. Әжей дереу құлағын түрді.

– Мария, сен бері қара. Менің әкем өмір бойы бастық деген айдар таққанымен бірлестіктің орынбасарынан өрлеп көрген жоқ. Сенің әкең отыз жыл дәрігерлік қызмет атқарғанда сектор меңгерушісінен ары аяқ басты ма? Ал енді Бекмирасыңа бір қарап қой! Бүгіннен бастап сен енді жаман мәстектей «Москвичте» емес, есік пен төрдей «Волгада» шайқақтайсың, – деген сөзі естілді.

– Мирасжан, құттықтауға жолдастарың кеп қалса ұят болар, екеуміз әуелі дүкенге жүгірейік, – деді келіні сасқалақтап.

Сонсоң сөзінің арасында:

– Апаң «қымыз-ай» деп сандырақтап жатты бағана.

– Япыр-ай, ә! Қымыз аңсап жатыр дейсің бе? Жақын маңайға жүріп кетсе табылар ма екен, – деді ұлы.

«Қымыз! Не деген әдемі нәрсе?!».... Бибісара әжейдің таңдайы онан әрмен кеберсіп, тұтқырланды. Құлағы шуылдап, көзінің алды тұманданып кетті. Сол тұманның арасынан үлкен мейіз сабада асып төгіле жаздап тұрған қымыз ғана көрінеді. Оның мұрын жарар иісі бөлме ішінде аңқып кеткендей ме, қалай?

Дәл осы кезде қоржын бөлмедегі Марияның:

– Бұл ненің иісі. Несептің иісі ме, – деген дауысын естіп жатты.

Жер жыбырлап жүретін уақыты біткенін кемпір сезді. Демі жиілеп, жаны шықпай шырқырап тұрды. Тілініп, көгеріп кеткен ерні шөл басар бірдеме ішуді ойлады. Жанындағы жатаған үстелге етінен айырылған халсіз қолын созып көріп еді, ешнәрсе ілінбеді. Жүрегінің соғысы жиілеп, дем ала алмай екі танауының етегі қусырылып кетсе де, есінен айырылған жоқ.

Өз қуаныштары өздерінде болып жатқан әке-шешесінен сытылып, әжесі жатқан бөлменің есігін ақырын ашып кіріп келген Айбүбі шошып кетті. Әжесінің көзіне немере қызы ұзақта-а-ан бұлдырлана көрінді. Ол қолын көтермекші болып еді, шыдамады. Тілініп кеткен еріндері зорға бір-біріне жанаса «Бір жұ-т-ы-м қ-ы-м-ы-з» дегенде, жағы бос қалып, көзінің қарасы жоғалып кетті.

Кішкентай Айбүбі әжесінің көз жұмғанын білген жоқ. Оның адам шошырлық түріне қарап баж етті.

– Бір жұтым қымыз! Әжеме бір жұтым қымыз берші, көке, – деп еңіреп жіберді.

Оның даусын естіп, сасқалақтап келіні мен ұлы келді.

Бибісара әжейдің бетіндегі әжім мен шөлдеп тілініп кеткен ерінде аңсары ауып, мәңгі-бақи шөлі қанбай кеткен белгі тұр...

Қаржаубай САРТҚОЖАҰЛЫ

Ойтамызық

Асаба таңдауда абай болайық

Бүгінде той маусымы келіп, елдің дүрмекті тойға барынша назар аударып, азын-аулақ жиған-тергенін сол тойға шашудай-ақ шашатын мезгілі. Той – халықтың қазынасы, екінші жағынан тәлім мен тәрбие құралы, егер өзінің тағылым-таразысымен, сән-салтанатымен әдемі өтіп жатса. Кейбір кісілер өмір бойы армандаған тойларына көңілі толмай, қоңылтақсып қалатыны неден екен?

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Себеп көп. Өздерін тойдың бұлбұлына теңейтін асабалар кейде өздерінің біліксіздігінен, бәлкім тәжірибесінің аздығынан, әлде жаттанды сөздерге сүйеніп, той өткізген осындай екен деп аузына келген жөн-жобасыз әзілдерді орынсыз айтып, әпәдемі өтейін деп тұрған тойдың берекесін кетіреді. Салтанатты сәтте дарақы, сайқымазақ ойындарды ойнатып, ерсі қимыл жасаған тойшыл қауымды бәз-біреу қызық көріп, телефонына түсіріп алады да, әлеуметтік желіге таратады. Қазір қарап отырсаңыз, желіде елдің мазағына айналған той-думандағы қаншама видеолар жүр. Еріксіз бас шайқайсың. Әу бастан сценариді құрғанда асаба өзінің өткізейін деп жатқан тойының қалай өтетінін сарапқа салып, ой елегінен өткізбей ме сонда? Ол тойда салиқалы қарт та, орта жастағы салмақты кісілер, тіпті әлі өмірден ештеме түймеген жастар мен жасөспірім де отыр.

Кейінгі ұрпақ үлкендердің осы бір оспадарсыз қылығын көріп, жиркеніп кетуі мүмкін ғой. Себебі қазіргі жастардың көпшілігі ішкілік ішпейді, кейбірі иманға бет бұрған көзі ашық, көкірегі ояу жандар екенін көріп жүрміз. Тойдың қонағы болып отырып, осындай бейбастақ тойлардан тезірек кетіп қалғың келеді. Бірақ өзіңді кәделеп шақырған құрметті той иесінің көңілін қимайсың. Сабыр сақтап, даңғазаға көз жұмып көнесің. Ұлтымыздың қандай ұлықты ойындары бар. Солардан бір үзік көріністер енгізіп, қазақы болмысымызға тән ойындарды неге ойнатпасқа? Бұл жерде той өткізетін асабалардың рөлі өте күшті. Олар барынша сақтықпен әр тойға ерекше мән беруі керек. Той – сен үшін тек табыс көзі болғанмен, той иесі үшін ол өміріндегі өте маңызды сәт. Сол маңызды сәтте ол ағайын-туыс, дос-жаран, жалпы өзі үшін қымбат жандармен өзінің керемет қуанышын бөліскісі келді. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей, жылдап дайындалған тойының керемет өткенін кім қаламайды дейсіз?

Той ойлы өтсе, тойшыл қауымды ешқашан жалықтырмайды. Әзілі де жарасымды, қалжыңы қалыпты бір-бірімен жымдасып тұратын той сәнін бітім-болмысымен, сыпайы сөзімен баурайтын асабаларға кейде тәнті болып, тойдың қалай өткенін білмей қаласың. Тіпті сол тойдан үйге кеткің келмейтін шақтар да болады. Міне, сондай асабаларды той бұлбұлы десе, жарасыпақ кетеді. Жан-жақты ізденгіш, бойы тұнған талант болса, сегіз қырлы, бір сырлы асабаны кім қаламайды. Тек шектен шығып, ойына келгенін ойнатып, халықты адастырып, әбігерге түсіретін той басқарушылар көбейіп кеткені қынжылтады. Соның бәрі той иесінің асығыс асабаны таңдай салғандығының салдары. Алдын ала жүргізген тойларын көріп, бір бағалап алсаңыз, дәл бұлай қателеспес едіңіз. Қазақта «Асыққан сайтанның ісі» деп неге айтылады? Асыққан әрекеттен бір шикілік шығады. Алтындай уақытыңды ұрлаған той басқарушыға не дейсің? Үн-түнсіз ішің шерге толып қала бересің.

Иә, қазақта «айтпаса сөздің атасы өледі» деген керемет тәмсіл бар. Сондықтан той өткізерде бірінші кезекте асаба таңдауда абай болыңыз. Тойдың шырайын шығарып, барыңның базарын шығарып бағалатататын да, тойдың шырқын бұзып, әдемі тойды арзан күлкіге айналдырып, ажарын қашыратын да асабалар. Сондықтан асаба таңдауда абай болайық.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

Дәстүр

Шаңырақ түйе

Шаңырақ көтеру салтын қазір біреу білсе, біреу білмес. Бұл – жас отаудың алғаш рет шаңырағын көтерудің өзі қазақ үшін бір қызықты, ерекше сәт екенін білдіретін салт. Шаңырақты кез келген адамға көтертпейді. Бұған сыйлы, жасы үлкен, көпбалалы, жұртына әбден еңбегі сіңген ер адамды лайық көрген. Егер шаңырақ үлкен болса, ер кісі аттың үстінде тұрып көтереді. Бұл адамды сыйлап, шаңырақ көтерткен жақ не жылқы, не түйе мінгізетін болған. Бұл салттың астарында қазақта шаңырақтың жаңа отау құрған жастар үшін қаншалықты қасиетті екенін ұғындыру жатқанын байқаймыз.

Әдетте киіз үйдің шаңырағын ер адамдар көтереді. Ал жас отаудың шаңырағын кәрі күйеуге көтертуде үлкен мән бар. Өйткені жасы үлкен күйеу – қашанда елге сыйлы және тілектес адам. Және күйеу қартайған сайын жұртына қадыры, сыйы арта түседі. Оның шаңырақ көтеруінде де осындай терең сыйластық бар.

Шаңырақ түйе дәстүрі де ұмытыла бастаған құндылықтардың қатарында. Ұзатылып келе жатқан қыздың және оның жанындағы әйелдердің мініп келе жатқан көлігі «шаңырақ түйе» деп аталады. Ол келін үшін ыстық, қасиетті мал болып саналады. Бұған жолшыбай кездескен немесе бөтен адам мінбейді. Егер міне қалса, оны көрген жұрт «пәленше келіннің шаңырақ түйесіне» мініп келді деп келемеждеген. Ертедегі салт бойынша, көште үлкен шаңырақ жеке түйеге артылып, алдымен жүреді екен. Оған адам мінбейді, атпен жетелейді, «шаңырақ түйе» деген сөз осыдан шыққан екен.

Дайындаған Нұр НАУАН

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ойтамызық

Ұлттық жәдігерді ұлықтайық

Жуырда кезекті еңбек демалысымды пайдаланып туған ауылыма жол тарттым. Алдымен ауылдағы бақилық болған кісілердің үйіне кіріп, құран бағыштадық. Бір байқағаным, бұрынғы әр үйдің алдында менмұндалап қазақы ұлттық болмысымызды дәлелдеп тұратын ақ шаңқан киіз үйлер жоқтың қасы. Қараша үй деп атап кеткен қасиетті киіз үйлер тек қара жамылған үйлердің есігінің алдында ғана қазаның хабаршысындай қарауытады. Бұрынғы іші-сырты ою-өрнекпен нақышталып, шашақ бау, басқұрлары мен баулары әдемі безендірілген киіз үйдің тек сұлбасы ғана ешқандай оюмен өрнектелмеген.

Шындығында сол балалық шағымыздың куәсіндей еңселі ақ отаулар қайда кетті? Қалалық жерде оқта-текте тек наурыз мерекесінде маржандай тізіліп тұратын киіз үйлер ауылда әлі де бар болар деп армандағанмын. Киіз үймен бірге ол кездері ұлттық өнеріміз де қоса дамушы еді. Шешелеріміз жүн иіріп, бау тоқып, киіз басатын. Бізге сондай күндер мереке болатын. Әжелеріміз қазақтың әдемі әндерін құйқылжыта айтып, атшаптырым ақ отауды әуезге бөлейтін, ертегі айтатын, оны біз киіз үйге сыймай, іргеден бұйып тыңдайтынбыз. Кейде бейне тойға келгендей, анамызбен киіз басуға ілесіп келген өңкей балақайлар сол үйдің ауласында ойынның базарын қыздыра түсетінбіз. Оқта-текте бізді жүн түту мен киіз білектеуге көмекке шақыратын. Қайран қайта оралмас балалық шақпен біздің ұлттық болмысымыздың әдемі бейнесін айшықтай түсетін ақ шаңқан киіз үйлеріміз де көзден ғайып болып барады. Көзге оқта-текте бір түскенмен көңілден кетпей, жүректе қимастық сезім қылаң беріп, бал дәуреннің белгісіндей дүниені аңсайды екенсің. Ерте тұрып қараша үйдің түндігін ашуға таласатынбыз. Үлкен кісілер іргені түріп тастап, қызу әңгімеге кірісетін. Жаз бойы ұйықтайтын жеріміз киіз үй болатын. Азанда сергек болып, ұйқымыз қанып тұратын. Ал кесек тамға жатқандар ұйқысын аша алмай, тал түсте тұратын.

Қайран қазақтың ең ғажап ұлттық байлығы саналатын сол қастерлі дүние қазірде қиялға айналғандай. Кереге, уық жасайтын шебер қариялар болатын ауылда. Сол кісілердің көзі тірісінде мұрағаттап алатын шеберлер қазір қалмаған сыңайлы. Қазыналы қарттарымыздың пікіріне сүйенсек, 2 мың жылдық тарихы бар киіз үй көшпелі қазақ халқы үшін өте қолайлы болған. Қазірде ата-бабамыздан мирас болып қалған жәдігерді мақтан тұтамыз. 90-жылға дейін біздің өңірдің Жаңақорған ауданында ғана осы кәсіппен айналысқан шеберлер болған. Ал Қарақалпақстанда киіз үй жасау үлкен кәсіп түріне айналған. Ең арзаны 3 мың АҚШ долларынан кем емес. Ұлтымыздың бренді саналатын киіз үйлерді туристік мақсатқа неге пайдаланбасқа. 500-ден астам мақал-мәтелге арқау болған ұлттық құндылығымызға баланатын киіз үй бөлшегінің жүзден астам атауы бар екен.

Демек, киіз үй ұлттық мәдениетіміздің биік шыңы десек, қателеспейміз. Ежелгі көшпелі тарихымыздан сыр шертетін ұлттық бұйымды қазір тек мереке мен құдажолы өткен шаңырақтардан ғана кездестіреміз. Киіз үй жасайтын шеберлердің айтуынша, оның сүйегі үйеңкі мен талдан дайындалатын көрінеді. Ал ағаш есігі мен маңдайшасы, табалдырығына самырсын ағашы пайдаланылады. Оны құрастыру барысында шеге тұрмақ сына да қолданылмайды. Көнекөз қариялардың пікірінше, киіз үй жасайтын шикізат тапшы көрінеді. Бұрынғы Сыр жағасында өсетін үйеңкі, самырсын, талдар да азайып кеткен. Мүмкін кәсіптік мектептер жанынан шеберлердің дәріс беретін орталығын ашса, мәселе шешімін табар ма еді, кім білсін. Қазір киіз үйдің бағасы тым қымбатқа түсетін болғандықтан оны уақытша жалға алу қолайлы. Ең өкініштісі, Қытайдың Шыңжан провинциясында қаңқасы темірден құрастырылып, синтетикалық матадан жасалған жасанды киіз үйге сұраныс артып отыр. Себебі жинауға, құрастыруға қолайлы, бағасы да мың доллардан аспайтын тиімді бағада жалға берілетін осы бұйымнан қысық көз ағайындар қыруар пайда тауып, өз елінің экономикасын көтеруде. Аспан асты елдерінің экологиялық талапқа жауап бермейтін өнімін қолданысқа енгізе берсек, ұлтымыздың сән-салтанатқа толы Ақордасын кейінгі ұрпаққа аманат ете алмауымыз мүмкін. Онсыз да тапшы ұлттық жәдігеріміздің ең салмақтысы киіз үйді сақтап қалғанымыз жөн. Ертең кеш қалуымыз мүмкін.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

Қармағыма қап балық

Табиғат аясындағы тамаша сайыс

«Қариясы бар елдің қазынасы бар» демекші, ардагер аталарымыздың ақыл-парасаттылығына кейінгі ұрпақ әрдайым мұқтажбыз. Қарт кісі ағып жатқан дария іспетті. Теңіздің тұнығы мен тереңдігі қандай болса, қариялардың да білетіні сондай терең. Шаңырақтың шаттығын сақтап, бірлігін бекем ету үшін ақылын айтып жүретін қарияларымыз – елі мен жерінің кеңесшісі.

Осындай қазыналы қарияларымызбен шілденің шіліңгір ыстығына қарамастан аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында Бұқарбай батыр ауылдық округіне қарасты “Асар” көлінде балық аулау жарысы өтті. 2014 жылдан бері ауданымызда дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан ардагерлер арасындағы балық аулау жарысын аудан әкімі Асқарбек Есжанов ашып, құрметті демалыста жүрсе де, ауданның мәдени-экономикалық, қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген қазыналы қарттарымызға алғысын жеткізді.

– Қария деген – сөз елдің басы болу, ақылын айтар дана болу, ел төрінде құрметке бөлену, ас бергенде немерелерінің үлесін бөлер қамқоршысы. Сіздердің әрбір айтқан асыл тасқа бергісіз ақылдарыңыз жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне ықпалын тигізеді. Сіздер ауданымыздың өркендеуі мен дамуы үшін өз қажыр-қайраттарыңыз бен ақыл-кеңестеріңізді аямай келесіздер. Сондықтан сіздерді өмірде әрқашан азаматтық пен адамгершіліктің үлгісі, үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола білген азамат ретінде танимыз. Бұдан әрі де арамызда ақылшы, кеңесші бола жүріп, еліміздің игілігі үшін қоғам өміріне белсене араласады деп сенемін, – деді аудан басшысы.

Шараға кент және ауылдық округтерден 40 ардагер қатысты. Қармақтарын сайлап келген қарияларымыз балық аулауға дереу білек сыбана кірісіп кетті. Жас кезінде дария жағалап, балық аулаған сәттері еске түскен болар, қармақ салыстары ерекше, Сырдың қариялары екені көрініп-ақ тұрды. Ардагерлеріміз балық аулаудың қызығына одан әрі батып кеткендей, қаптап балық алмаса да, бұйырған балықтарын шелекпен қазылардың қарауына әкеліп өткізіп жатты. Балық аулаудан бөлек, өнерпаздардың ән-биден шашуы ерекше көңіл сыйласа, аудан жастары қазан-ошақ басында қарияларымызға ас асуды жөн деп санаған. Әрине ардагерлердің көңілінің балаша көтерілгені, сол жерден табылған жас ұрпаққа да ерекше әсерін берді. Бір сөзбен айтқанда, айнала керемет, ауылдың жаймашуақ атмосферасын сыйлады десек, артық айтпаймыз.

Балық аулау сайысы да түске таман өз мәресіне жетті. Жарыс нәтижесінде бірінші орынды Еңбек ауылынан Базарбек Бимаханов иеленсе, екінші орынды Мәдениет ауылынан Егізқара Ибраев және үшінші орынды Аққұм ауылынан келген ардагер Абдулла Тұрабаев өзара бөлісті. Жалпы ардагерлеріміз қармақ салу әдістерін әлі ұмыта қоймаған екен, қимылдары ширақ болды. Жарыс соңында жеңімпаздарға қоғамдық бірлестіктің арнайы дипломдары, қаржылай сыйлықтары, сондай-ақ ең жасы үлкен ардагерлер Төлеміс Бектаев пен Оспан Жанұзаққа арнайы ынталандыру сыйлығы табысталды. Ал ардагерлер жастарға өз алғыстарын айтып, ақ батасын берді.

Жалпы қазақтан сөз қалмаған ғой, “қарты бар үйдің қазынасы бар” дейді. Қазақ қоғамы үшін қарт, қария, ардагерлердің маңызы өте зор. Сондықтан да ардагерлеріміздің терең тәлімі мен тектілік тәрбиесі үзілмесін дейміз.

Жандос ЖАЗКЕН

Ойтаразы

Қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырықты қасиет тұтқан. Бұл үшеуі қашанда бірімен бірі байланысып, ұштасып жатады. Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірген кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған әрі күлін де аяқасты қылмай, көміп тастаған. Дегенмен заманның дамуы көптеген ырым-тыйымдарды жоққа шығарып қана қоймай, біз үшін киелі саналатын мұраларымыздың құнын төмендетіп жіберді. Бірақ жастар ата-бабамыздың тыйымды тектен-текке айтпағанын білуі керек. Әрбір ырымның, тыйымның астарында үлкен мән жатыр. Бүгінгі әңгімемізде бесікке қатысты ырым-тыйымдарға, оның пайдасына және бүгінгі күні қасиетін сақтап тұр ма, осыған тоқталмақпыз.

Бесіктің қадіріне жетіп жүрміз бе?

Жалпы ырымның жаманы болмайды деген сөз бар. Расында солай. Дүниеге жаңа келген нәрестенің жататын төсек орны осы ағаш бесік. Жаңа туған нәресте өз аяқ-қолының қозғалғанынан өзі шошынып, ұйқысы қырық бөлініп, ақыр аяғында анасының да тірлігіне кедергі жасауы мүмкін. Ардақты аналарымыз шаруаның тындырымды болуы үшін де, баланың жайлы жерде ұйықтауы үшін де осы киелі бесікті қолайлы көрді. Бесікте бала құндақтаулы, жылы әрі таза жатады. Фольклоршы Болат Бопайұлы «Бесіктегі бала бес түлейді» деп бесікті киелі санаған. Ол кісі өз еңбегінде «Наным-сенімдер бойынша, бос бесікке ібіліс баласын жатқызады немесе жылан салып қояды, сондықтан бос бесікті тербетуге болмайды, оның бетін әрдайым жауып жүру керек екен. Біздің халықтық тәрбиеде бос бесікті тербетпейді, бейуақытта оны далаға қоймайды, бесікті арша, адыраспанмен аластағаннан кейін ғана баланы салады. Сәбиге жын-жыбыр, көрінбейтін қара күштер жоламасын деп бесіктің басына қайшы, пышақ, қамшы жастап та қояды. Ал бала есейгенде бесікті далаға тастамаған» дейді. Ал бос бесікті тербету – ырым бойынша жамандықтың белгісі. Негізінен баласынан айырылған, сәбиі шетінеген аналар сол қасіретті көтере алмай, ақыл-есінен алжасып бос бесікті тербетеді дейді. Ана мен баланың бір-бірінен көз жазып қалуы, әсіресе анасының алдында баласының шетінеуі – дүниедегі орны толмас қасірет. Халықтың тектілігі сонда ғой, осындай жамандықтың алдын алып, оны шақырмаңдар, бесікке немқұрайлы қарамаңдар, далаға тастамаңдар, бетін ашық қалдырмаңдар деп тыйып отыратыны да осыдан. Бесік түгілі салынған төсекті адам орнынан тұрысымен жинап қою керектігі бар. Өйткені бос бесікті айналшықтаған жын-жыбырлар төсекке де жатып алады дейді. Олай болған жағдайда қайтадан сол орынға жатқан адам баласына зияны тиюі мүмкін. Сондықтан да біз көрмейтін, бірақ бізді көріп, біліп, кейде қасымызда жағаласып жүретін тылсым күш, жындардың бар екенін естен шығармаған дұрыс. Олардың мақсаты – қалай да адам баласын адастыру, зиянын тигізу.

Осы тұста бір мәселені айта кеткенді жөн көрдік. Қазір заман дамыған дейміз. Дегенмен заман өркениетке бастаса да, кез келген халықтың түпкі шыққан тегі, болмысы, ұлттық құндылықтары сақталуы тиіс. Бұл – олардың әрқайсысын бір-бірінен ерекшелеп тұратын айшықты белгісі. Бесікті қасиетті, киелі дүниелердің қатарына санаған атам қазақ оның киесінен қатты қорқатын. Бала ержетіп не бойжетіп кетсе, келесі сәби дүниеге келгенше бесікті таза матамен түгелдей орап, төрге жинап қоятын. Ардақты аналарымыз тіпті үйдің ішінде тұрғанда да кішкене уақытқа болса да бетін ашық қалдыруға тыйым салатын. Егер ашық қалған жағдайда осы айтылған тылсым күштердің әсерінен балаға зиян келуінен қорқатын. Мұндай жағдайда қайта-қайта сүрелер айтып, аластап тазарту амалдарын жасайтын. Қазір заман өзгерді ме, әлде адамдардың түсінігі басқа арнаға ауысты ма белгісіз, киесінен қорқатын бесігіміз ашық-шашық қоқыстарда, далада караусыз жата беретін болды. Кейбірі керексіз деп шығарып тастай салады, енді бірі келесі сәби дүниеге келгенше «үйде орын алып тұрмасын» деген ниетте сарайына немесе ашық қораға қоя салады. Енді жылдар бойы далада күні-түні ашық, қараусыз қалған нәрестенің жылы ұясын жын-перілер паналамағанда не қалды дейсің? Осындай қателіктер, немқұрайлы істерді көргенде еріксіз қынжыласың, әрине. Осы адамдар сол бесіктің қасиеті шаңырақпен бірдей екенін, оған күнәсіз нәрестелер бөленіп, әрі аса ұқыптылықпен, сақтықпен, таза күйінде қолдану керек екенін білмейді ме дейсің? Білсе де немқұрайлықпен ессіз әрекеттерге баратындарын көріп, жаға ұстайсың. «Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын» демекші, бесіктен, оның киесінен қорқу керек. Ата-бабаның ізгі салтын сақтап, оған құрметпен қарау – бүгінгілердің парызы, аманаты, адамдық қасиетінің бастау шыңы.

Негізі бесік ғасырлар бойы көшпелі қазақ өмірінің ажырамас бөлігі болып келді. Әсіресе бір жерден екінші жерге көшіп жүргенде, бесікті түйемен немесе атпен алып жүру ыңғайлы болды. Ал киіз үйде бесік биік аяғының арқасында, баланы сыз бен желден қорғады. Ал бесікке қойылатын бірегей бөлігі – түбек баланың ұйықтап жатқанда да астының құрғақ болып тұруына мүмкіндік берді. Бесікті көбіне қарағайдан, қайыңнан немесе басқа да иілгіш ағаш түрлерінен жасайды. Осының арқасында бесік мықты, таза және жеңіл болды. Бесікте сүйектен жасалған шүмек арқылы зәр ағатын түбек бар. Сондай-ақ бесіктің басқа да бөліктері бар. Мәселен, ши – түбекке арналған дөңгелек тесігі бар жұқа сабаннан жасалған төсеніш, жөргек – бұл шидің үстіне төселетін төсеме, құс төсек, бұл да шидің үстінен төселсе, жастық бесіктің еніне сәйкес жасалған. Сондай-ақ көрпе мезгілге байланысты жұқа, қалың болып келсе, баланың аяғы мен жамбас бөлігінде тұратын кішкентай жастықтарды кепіл деп атаған. Тартпа бау сәбиді байлауға арналса, жабу, бұл бесікті толығымен жауып тұрады және баланы жәндіктерден, жел өтінен, бөтен адамдардың көзінен қорғайды. Айта кету керек, жабу жеңіл матадан тігілгені дұрыс.

Бесік тәтті ұйқының кепілі ғана емес, тәрбиенің өзегі деуге де болады. Себебі бала онда жатып, анасы шырқаған бесік жырын естиді. Бесік жыры арқылы ұлттық болмысты, ана тілінің шұрайын және анасының шексіз мейірімі мен махаббатын сезіне алады. Кейде бесіктің кемшіліктері де айтылып жатады. Мысалы, бала көп жағдайда қозғалмай жататындықтан жауырыны жабысып қалуы және шүйдеге арналған шұңқыры бар арнайы жастық болмағандықтан басының қисық өсуі де мүмкін. Дегенмен бұл кемшіліктерді болдырмауға әбден болады. Алдын алу үшін балын суға шомылдырғанда денесін майлап аяқ-қолын созып, жауырынын қозғап тұру керек. Бұл жаттығулар бала өз еркімен ширақ қозғалып кеткенге дейін жалғасуы қажет. Ал басы келісті пішінде өскенін қаласаңыз, ортасында ойығы бар арнайы жастықшаны қолдануға болады. Сонда бала жоғарыда аталған кемшіліктерден аулақ болады.

Нұр НАУАН

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелiп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1254

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА